






A detailed botanical illustration background featuring various plants and flowers. In the top left, there are pink and purple flowers with green leaves. In the top right, there are white flowers with green leaves. In the bottom left, there is a large yellow flower with a dark red center and green leaves. In the bottom right, there is a yellow lemon with green leaves and a small white flower. At the bottom center, there are green leaves and small red flowers.

*Дипломатиялық және  
консулдық құқық түсінігі, пәні.  
Тарихы. Қайнар көздері. Қағидалары.  
Сыртқы саясат, дипломатиялық  
және халықаралық құқық  
қатынасы.*



○ Дипломатиялық құқық- дипломатия аясында атқаратын, сондай-ақ дипломатиялық құқық пәнін түсіну үшін дипломатия терминінің мағынасын ашып алған жөн. Дипломатия ұғымы грек сөзі *diploma* – екі бүктелген бет, құжат деген мағынадан шыққан. Бұл жерде — дипломды ұстаушы деген сәез алғашқы мағынасында қолданылып отыр, яғни провинцияларға немесе мемлекеттен тыс шетелге кетіп бара жатқан ресми тұлғаларға берілетін ұсыныс немесе сенім грамоталары. Жалпы қабылданған анықтама бойынша мемлекеттің сыртқы саясатын жүзеге асыратын құрал ретінде дипломатия – бейбіт шаралардың жиынтығын, нақтылы бір мәселелерді шешуге арналған қабылдаулар мен әдістерді білдіреді





©Дипломатиялық құқық дегеніміз –  
дипломатия аясы мен  
дипломатиялық қатынастарға  
түсуші субъектілердің құқықтары  
мен міндеттерін айқындаушы  
құқықтық нормалардың  
жиынтығы.

”

## *Дипломатиялық құқық қайнар көзі*

- 1961 ж. Дипломатиялық қатынастар жөніндегі Вена конвенциясы.
- Мемлекеттер арасындағы екі жақты келісімдер (дипломатиялық қатынасты орнатуға байланысты).
- Халықаралық қатынастың осы бір саласын реттеуде негізге алынатын әдет-ғұрыптар танылады.
- Біршама батыс елдерінде бұл қайнар көздермен қатар: дипломатиялық және консулдық қатынастарды реттеуде соттық прецеденттер танылады.



## *Дипломатиялық қатынастарды реттеуші көп жақты қатынастарға мыналар жатады:*

1875 ж. 14 наурызда қабылданған мемлекеттің әмбебап сипаттағы халықаралық ұйымдарға қатысты өкілдіктер туралы Вена конвенциясы

1946 ж. 13 ақанда қабылданған БҰҰ артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция.


1947 ж. 21 қарашада қабылданған БҰҰ мамандандырылған мекемелерінің артықшылықтар мен иммунитеттері туралы конвенция.

1961 ж. 18 сәуірде қабылданған қатынастар туралы Вена конвенциясы.


1969 ж. 8 желтоқсанда қабылданған арнайы миссиялар туралы конвенция.


1977 ж. қабылданған қылмысты тоқтату және халқаралық қорғаудағы топтарға, тұлғаларға, оған қоса дипломатиялық агенттерге қары қылмыс үшін жаза туралы конвенция






Консулдық құқық дегеніміз – мемлекеттер арасындағы олардың заңды және жеке тұлғалары арасындағы іскерлік және өзгеде қатынастарды қорғау мақсатында халықаралық құқық субъектілерінің жалпы консулдық мәселелер, оның ішінде консулдық өкілдердің құқықтық мәртебесін анықтау, оның қызметін, консулдық артықшылықтар мен имунитеттер мәселесін анықтауға арналған нормалар мен қағидалар жиынтығы.





**Консулдық құқықтың қайнар көзі халықаралық әдет-ғұрыптар мен халықаралық шарттар болып табылады. Халықаралық шарттардың ішінде екі жақты консулдық конвенциялар мен келіссөздер маңызы зор.**



**Консулдық конвенцияларға мыналар жатады:**




1911 ж. Консулдық міндеттер туралы Каракас конвенциясы.


1928 ж. Консулдық шенеуніктер туралы Гавана конвенциясы.

1963 ж. Консулдық қатнастар туралы Вена конвенциясы. (ҚР 1993 жылы 31 наурызда қосылды)






*Сыртқы қатынастың ішкі мемлекеттік және сыртқы қатынас  
органдары*



*Ішкі мемлекеттік  
органдар: ҚР  
Президенті; ҚР  
Парламенті*

*Қазақстан*

*Сыртқы қатынас  
органдары:  
дипломатиялық  
және консулдық  
мекемелер; сауда  
өкілдіктері*








# *Дипломатиялық және консулдық құқық тарихы*

*Ежелгі заман*

*Орта ғасыр*

*Қазақстандағы дамуы*





## *Ежелгі заман*

○ Б.э.д. I мыңжылдықтың құқықтық ескерткіші болып табылатын Ману заңдарынан өзгеде өзекті мәселелермен қатар, дипломатия мәселесінде қамтыған. Осыған орай, олар сол кездің өзінде, дипломатия өнері соғыстың алдыналу мен ейбітшілікті қамтамасызетуге бағытталуы қажет деп ұққан, елшілерді және олар мекендеген ғимараттарды мемлекет өз қамқорлығына алып отырған. Бірқатар ғалымдардың пайымдауынша ежелгі Римдегі халықаралық құқық нормалары елшілер мекендеуші ғимараттарға имунитет берілмеген. Онда сыртқықатынас мәселелерімен айналысушы арнайы құзырлы органдар құрылған Олардың бірі: Фециал деп аталады. Римдегі дипломатиялық тәжірбе елшілер мен шешендерді, хабаршыларды ажырата білді. Ежелі Грецияның сыртқы қатынастарының дамуы сыртқы қатынастардың жүзеге асырылуына жауапты арнайы уәкілетті тлғалардың пайда болуына алып келді. Ларды Плессбейс деп атады. Грейиядағы елшілер жеке басқа тиіспеушілік имуниттін иемденді.






## *Орта ғасыр*




- Сыртқы қатынас мәселесіне қатысты орта ғасырдың жеткізген жетістігі тұрақты елшіліктердің пайда болуы. Елшілердің мүдесінде мемлекет игілігіндегі бар мәселелер қарастырылды. Жалпы адамзат өміріндегі барлық кезендерін елшілік құқығының қалыптасу кезеңдері деп айтуға болады. Тек, XX ғ. Басынан бері қарай сыртқы қатынастарға барлық мемлекеттердің ресми араласуы елшілік құқығының орынына дипломатиялық құқықтың қалыптасуына әкелді.






## Қазақстандағы дамуы

○ Қазақ хандығы өзге мемлекеттермен қарым-қатынас барысында дипломатиялық құқық нормаларын белсенді түрде қолданды. Сыртқы саясатты тиімді жүргізудің нәтижесінде бүгінгі ұрпақтың игілігіне айналып отырған осынау ұлан-байтақ жерді жау шапқыншылытарынан аман алып қалған. Егеменді мемлекет ретінде қалыптасқан Қазақстан Республикасы БҰҰ тәріздес ірі халықаралық ұйымдардың мүшелігін қабылдады. Артынша оның алдында өзіндік сыртқы саясатты қалыптастыру, ұлттық қауіпсіздік пен қорғанысты қамтамасыз ету тәрізді күрделі мәселелер пайда болды. Осы тұста Қазақстан үшін өзге мемлекеттермен қарым-қатынасты нығайтуда дипломатиялық құқықтың маңызы өсті. Тәуелсіздік алған осы бір уақыт аралығында Қазақстан дипломатия мәселесіне қатысты көптеген екі жақты халықаралық шарттарға отырды. Дипломатия саласының жалпы сипатын иеленуші халықаралық келісімдерге қосылды, сол арқылы өзіндік құқықтық база қалыптастыру арқылы дипломатиялық қатынастың дамуына үлес қосты. Қазақстан Республикасы мемлекет ретінде 117 мемлекет таныды, соның ішінде 92 елмен дипломатиялық қатынас орнаттық.



**Кубаға қарсы сауда эмбаргосы  
туралы жарлыққа қол қою алдында  
президент Кеннеди не істеді?**





Кубаға қарсы сауда  
эмбаргосын кеңейту  
туралы шешім  
кабылдамас бұрын, Джон  
Кеннеди өзінің  
хатшысын өзінің жақсы  
көретін кубалық  
сигараларды алып келуін  
сұрады. Келесі күні  
таңертең хатшы  
президентке 1200  
сигараны әкеледі, содан  
кейін ғана жарлыққа қол  
қойылды.



**1945 жылы кеңестік мектеп оқушыларының американдық елшіге тартқан сыйы біздің арнайы қызметтерімізге қалай көмектесті?**







1945 жылы кеңестік мектеп оқушылары Америка елшісіне американдық елтаңбасы бейнеленген бағалы ағаштан жасалынған панельді ұсынды. Мектеп оқушылары да, елші де әзірлеген тақтайдағы тыңдау құрылғысы бар екенін білмеді. «Қоңыздың» жасырылған соншалықты жақсы, АҚШ-тың барлау қызметтері ештеңе байқамады, КСРО 8 жыл бойы елшінің кеңсесіндегі барлық жайттарды тыңдап отырған. Зерттеуден кейін бұл құрылғы БҰҰ-ға КСРО-ның барлау қызметінің дәлелі ретінде ұсынылды, бірақ оның принципі бірнеше жыл бойы әрекет етілмеді.




**Қай нейтралды елдің  
жоғарғы шенеуніктері  
Гитлер қайтыс болғаннан  
кейін неміс елшісіне көңіл  
айтты?**






**Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде  
Ирландия бейтараптық ұстанды.  
Алайда, премьер-министр Эамон де  
Валера және президент Дуглас Хайд  
жеке өздері Германияның Елшілігінде  
Гитлердің қайтыс болуына байланысты  
Елшіге көңіл айтуын білдірген жалғыз  
бейтарап мемлекет.**



*◉Сыртқы саясат дегеніміз – өз халқының ішкі қажеттілігі мен үйлесімін тапқан, халықаралық аренада мемлекет қызметінің негізгі бағыты.*

”




**Сыртқы саясат мемлекеттердің мақсат, міндеттерін халықаралық қатынастардағы мемлекет бағыттарының, сонымен қатар осы қызметтің жүргізу нысандары мен тәсілдерін айқындайтын әмбебап құрал. Әр елдің сыртқы саясаты сол елдің көрнекті халықаралық құқықтанушы мамандарының, ғалымдарының, саясаткерлерінің атсалысуымен анықталады. Сыртқы саясаттың маңызын түсініп, оның жобасын әзірлеп қою жеткіліксіз сонымен қатар, оны іс жүзінде жүзеге асырылуын қамтамасыз етіуі керек. Міне, осы мақсатта мемлекеттер арнайы уәкілеттілік берілген адамдарын мемлекет мүдесін білдіре отырып, оның сыртқы саясатын жүргізу үшін өзге мемлекеттерге жібереді. Олар өз мемлекеттерінің ұсыныстарын өзге мүдделі мемлекеттің мемлекет басшысына табыстап отырады.**



1939 жылы 23 тамызда "Шабуыл жасамау" туралы КСРО мен Германия арасында келісімшартқа қол қойылды. КСРО атынан қол қойған сыртқы істер ведомствосының наркомы В. М. Молотов, ал Германия тарапынан Сыртқы істер министрі И. фон Риббентроп қол қойды. Тараптар бір-біріне шабуыл жасаудан және бейтараптылық сақтаудан, сонымен қатар егер үшінші тараптан мүшелерінің біреуі соғысушы елдер қатарына енсе, бір біріне қарсы шықпау туралы уәделесті. Келісімшарттың мазмұнында осы мемлекеттерге қарсы тура және жанама қарсы одақтарға енуге тыйым салынды. Ол келісімшартқа қоса құпия протокол болды. ол құпия протоколда ,егер саяси-территориалды құрылым бола қалған жағдайда Шығыс Еуропаны бөлу туралы протокол болды. Ал 1939 жылы 1 қыркүйекте Германия Польшаға шабуыл жасады ,сол жылы 17 қыркүйекте КСРО да Польшаға шабуыл жасап 28 қыркүйекте Польша мемлекетінің шекарысын бөлу мақсатында "достық және шекара туралы шартқа қол қойды. Алайда билікке А. Гитлердің келуімен Германия , Италия және Испания мемлекеттеріне КСРО тойтарыс бере бастады себебі, Саяси -экономикалық талан-тараждар басталды.

### **Сұрақтары:**

1. КСРО мен Германия арасында басқада құпия протоколдар болды ма?
  2. Дипломатиялық протоколда құпия протоколдың күші
  3. Жоғарыда аталған келісім шартпен ІІ дүниежүзілік соғыстың ара қатынасына құқықтық сипаттама беріңіз.
- 



**Рахмет**

